

**«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ  
«№ 39 «ҚЫЗЫЛӨЗЕК» ОРТА МЕКТЕБІ» КММ**

**Б Ұ Й Р Ы Қ №192**

**Қызылорда қаласы**

« 31 » 08 2023 жыл

**№39 «Қызылөзек» орта мектебінде  
2023-2024 оқу жылының басталуы  
туралы**

Қалалық білім бөлімінің бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. №39 «Қызылөзек» орта мектебінде 2023-2024 оқу жылының басталу мерзімі 2023 жылғы 1 қыркүйек болып белгіленсін.

1.1. Оқу жылының ұзақтығы 1 сыныптарда -33 оқу аптасы, 2-11(12)-сыныптарда 34 оқу аптасы болып белгіленеді.

1.2. **Оқу жылы барысындағы каникул кезеңдері:** 1-11(12) сыныптарда күзгі каникул – 7 күн (2023 жылғы 30 қазан -5 қараша аралығында), қысқы-10 күн (2023жылғы 29 желтоқсан-2024 жылғы 7 қаңтар аралығында), көктемгі-11 күн (2024 жылғы 21 -31 наурыз аралығында);

1.3. 1 сыныптарда: қосымша каникул-7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында) мерзімінде белгіленеді.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Сармановаға жүктелсін.

**Мектеп директоры**



**Ж. Байжанов**



010000, Астана қаласы, «Министрліктер Үйі»  
тел.: (7172) 74-24-28, (7172) 74-24-16

010000, город Астана, «Дом министерства»  
тел.: (7172) 74-24-28, (7172) 74-24-16

№ \_\_\_\_\_

**Облыстардың, Астана,  
Алматы және Шымкент  
қалаларының білім  
басқармаларына**

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Т.Қ.Дүйсенованың а.ж. 25 тамызы күні Білім саласы қызметкерлерінің республикалық тамыз кеңесінің Бірыңғай пленарлық сессиясының ашылуында 2023-2024 оқу жылының ұзақтығы 34 апта және аяқталуы 25 мамыр болуы туралы тапсырма бергенін хабарлайды.

Осыған орай, Министрліктің Орта білім беру комитеті барлық аймақтарға «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатты (бұдан әрі - ӘНХ) басшылыққа алу үшін жолдады.

Әдістемелік нұсқау хатта көрсетілгендей 2023-2024 оқу жылының басталуы **1 қыркүйек, аяқталуы 25 мамыр** болып белгіленді.

Сонымен қатар, тоқсандар аралығындағы оқушылардың каникулдары келесідей форматта айқындалды:

- 1) күзгі каникул – 7 күн (30 қазаннан бастап 5 қарашаны қоса алғанда);
- 2) қысқы каникул – 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);
- 3) көктемгі каникул – 11 күн (2024 жылғы 21 наурыздан бастап 31 наурызды қоса алғанда);
- 4) 1-сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2024 жылғы 5 ақпаннан бастап 11 ақпанды қоса алғанда).

Бүгінгі таңда Министрлік мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына өзгеріс енгізу және оқу жылының басталуы мен аяқталу жөнінде бұйрықтарды дайындап, «Ашық НҚА» порталына орналастырды. Ресми келісімдерден және Әділет министрлігінде тіркелгеннен кейін аталған бұйрықтар ағымдағы жылдың 1-қыркүйегінен күшіне енетіні көзделген.

Осыған орай, Үлгілік оқу жоспарларын басшылыққа ала басқа барлық жұмыс жоспарлары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары және өзге де оқу-тәрбие



процесін ұйымдастыруға қатысты құжаттардың ӘНХта көрсетілген мерзімдерге сәйкес дайындалып, жүзеге асырылуы қамтамасыз етілуі тиіс.

Педагогтерге жұмыс уақыттарын ұйымдастыруда «Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі №153 бұйрығын басшылыққа алу ұсынылады.

**Вице-министр**

**Е. Оспан**

*А. Чокушева*  
*тел: 742032*